

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ  
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы  
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының  
ЖИНАҒЫ

22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции  
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ  
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»

22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th  
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND  
PEDAGOGICAL EDUCATION»

22-April, 2022 y.



Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74.00

II 23

**Редакция алқасы:**

**Д.Қамзабек** - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0  
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

## ЖЕТКІНШЕКТЕРГЕ ЖЫНЫСТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Абдульдинова Гүлжанат

Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті  
«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасының 1-курс  
магистранты, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекші: Сламбекова Т.С., п.ғ.к., профессор м.а.

[kylyshbayeva.g@gmail.com](mailto:kylyshbayeva.g@gmail.com)

**Аннотация.** В статье рассматриваются психолого-педагогические особенности подросткового периода, существенные изменения в этот период и то, как эти изменения отражаются в современном обществе. В ней подчеркивается важность максимального внимания к важному вопросу, волнующему подростков, и соответствующей организации содержания образования. Статья также рассматривается содержание и особенности полового воспитания.

**Ключевые слова:** подростки, половое воспитание, половое созревание, репродуктивная деятельность, правоохранительная деятельность.

**Annotation.** The article considers the psychological and pedagogical features of the teenage period, significant changes during this period and how these changes are reflected in modern society. It emphasizes the importance of giving maximum attention to the important issue of concern to adolescents and the appropriate organization of the content of education. The article also considers the content and features of sex education.

**Key words:** adolescents, sex education, puberty, reproductive activities, law enforcement activities.

Адам дамуын жас ерекшелік кезеңдеріне бөліп қарастыру оқыту-тәрбиелеу істері үшін аса маңызды. Сол кезеңдердің ішіндегі ең аумалы-төкпелі кезеңдерінің бірі, бәлкім бірегейі «жеткіншектік» кезең. «Жеткіншектік» кезеңге ғалыми еңбектерде түрлі сипаттамалар берілген. Мәселен, Л.С. Выготский бұл аралықты пубертаттық кезең деп, 13-17 жас аралығын көрсетсе [1], Д.Б.Эльконин бұл кезең орта мектеп жасына сәйкес келетін 10-16 жас аралығын қамтиды [2, 29 б.], Э.Эриксон бойынша бұл шақ 13-19 жас аралығын қамтитын жеткіншектік (юность) кезең [3], З.Фрейдтің психосексуалды даму кезеңдерінде бұл кезең гениталдылық кезеңіне сәйкес келеді. Баланың биологиялық дамып, сексуалды күшке ие болуымен сипатталады [4]. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде жеткіншекті «жасөспірім» деп те атағанын кездестіреміз [5, 90-91 б.].

Мұқанов М.М «Жас және педагогикалық психология» атты еңбегінде жеткіншектік жасқа мынадай тұжырымдама жасаған: «Жеткіншек жасындағыларды тиісті әдебиеттерде «қиын», «өзгеру», «ауысу жастары» т.б деп атайды. Соңғы жағдайда «ауысу жасында» жеткіншек балалық кезеңдерден ересек жасына ауысады. Ана тілінде «жеткіншек» деген ұғым өзгелердегі осы сөздің мағынасын дәл береді. Жеткіншек балалық шақтан өтіп, ересектік кезеңге жете қойған жоқ, бірақ жетіп қалды. Сондықтан, бұл жастың «жеткіншек» деп аталуы осы кезеңдегі психологиялық ерекшеліктерінің өзіндік сипатын анық көрсетеді» [6, 93-94 б.].

Олай болса, жеткіншектік кезең ең алдымен баланың биологиялық жетілуімен байқалады. Дене бітіміндегі өзгерістер (жыныстық жетілу, тершендікпен иіс пайда болуы, безеу, денесінің белгілі бір бөліктерінде қыл пайда болуы, ұл балалардың дауысының өзгеруі, қыз балаларда омырауының өсуі, етеккір келе бастауы), гендерлік белгілердің дамып, репродуктивті қабілетке ие болуы, гармондардың бөлінуіндегі өзгерістер т.б. осы тәрізді көзге көрінетін өзгерістер мінез-құлық, психологиялық, рухани өзгерістерге де итермелейді. Мысалы, балалардың әлемге сын көзбен қарай бастауы, өзінше көзқарас қалыптастыруға тырысуы, қандай да бір қағидаларды ұстануға талпынысы. Аталған кезеңде

ата-ананың қамқорлығынан босап, ересек өмірге қадам басудың алғашқы қадамдары жасалады. Алдына ересектер секілді үлкен талаптар қойғанымен жауапкершілік алуда әлі де балалығынан алыстамағаны білінеді.

Жеткіншектік шақтың ерекшеліктері қай заманда да бір болғанымен, әр заманның әлеуметтік-саяси ахуалы баланың мінез-құлқы мен іс-әрекет, дағдыларының қалыптасуына тікелей әсер ететіндігі сөзсіз. Сол себепті, өзіндік ерекшеліктері бар бұл кезеңге өзгеше көзқарас та қажет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылдың 01 қыркүйегіндегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» жолдауында заң да, қоғам да, адамдардың сана-сезімі де өзгеруі тиіс деген еді [7]. Бұл жеткіншектерге деген көзқарас пен оларды оқыту-тәрбиелеу істерінде де есепке алу қажеттілігін білдіреді.

Атаулы кезеңнің ең басты ерекшелігі жеткіншектердің ересек өмірге еліктеп, өздерін ересектер қатарына қосуға деген асығыстығы. Жеткіншектердің іштей осы талпынысына сырттай жағымды факторлар әсер етіп, қолдай кетсе үлкен жетістіктерге жетелей түсер еді. Дегенмен, жеткіншектерге әсер беріп жатқан факторлар айтарлықтай оңтайлы бола бермейді. Қазіргі қоғамда ересектердің сипаты ретінде көрсетілетін әрі қабылданатын бұрмаланған түсініктер көп. Мәселен, жеткіншектер тарапынан шылым шегу, ішімдік қолдану ересектіктің белгісі ретінде қабылданатыны секілді, ерте жастан жыныстық қатынас құруға талпыну, осы бағытта тәжірибе жинау да ересектіктің белгісі болып қабылдануда. Жыныстық қарым-қатынаста «тәжірибелі» деп саналатын жеткіншектер өздерін қатарластарынан жанында ересек, қатарластарына қарағанда еркін әрі мәртебелі ретінде көрсетуге талпынуы басқа жеткіншектердің де, сол мәртебеге ие болу мақсатында, осы бағытта тәжірибе жинауға итермелеуде деп болжауға болады. Дегенмен, олардың алған тәжірибесі әдетте үлкен сәтсіздіктер туындатуда. Себебі, жеткіншектердің жыныстық ерекшеліктер, жыныстық қарым-қатынас, репродуктивті денсаулық туралы сауатты білім алу мүмкіндіктері өте төмен. Әдетте, бұл тақырып әрбір отбасында да ашық талқыға салынбайды. Мектеп аясындағы іс-шаралар білім алушылардың барлық сұрақтарына қанағаттанарлық жауап бере алатынына да күмән келтіре аламыз. Себебі, жыныстық тәрбие беру мәселесімен айналысатын мамандар жоқ. Бұған еліміздегі жеткіншектер арасындағы жүктілік, жасанды түсік жасату, жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың зардабын шеккен жас жеткіншектердің саны куә бола алады. Соңғы он жыл ішінде 15-19 жас аралығындағы қыз балалардың отызынан бірі жүктілік бойынша тіркеуге алынған. Ал, 15-18 жас аралығындағы қыз балалардың мыңнан 4-5-еуі жасанды түсік жасатқан. Жыныстық жолмен таралатын инфекция және оның уақытылы емделмеуінің кесірінен «саналы түрде балалы болуға шешім қабылдаған ерлі-зайыптылардың 16% бедеулікке тап болған. Жеткіншектердің жыныстық сауаттылығының болмауы денсаулық мәселесінен бөлек жыныстық зорлық-зомбылық құрбаны болуы мен жезөкшелікке итермелеуі де әбден мүмкін» [8, 5 б.].

Жас ананың жаңа туған баласынан бас тартуы мен әлеуметтік жетімдіктің алдын алу мақсатында әлеуметтік және психологиялық көмек көрсету үшін құрылған «аналар үйі» қоғамдық қорының жетекшісінің айтуынша: «Бізге өте жас аналар көмек сұрап келеді. Бойжеткендердің көбі жүктіліктің соңғы айында мамандарға жүгінеді. Ең өкініштісі, олар еш жерде тіркеуде жоқ. Дәрігерге қаралмаған. Ал ең жас ананың жасы - 13-те болған» [9]. Яғни, бұл сандарды тіркелмеген кейстер де арттыра алатынын ескеру керек. Сондай-ақ, жүктіліктің себебінен отбасынан кетіп қалу, немесе ата-ананың өз баласынан бас тартуы сияқты жағдаяттар да орын алады.

Сонымен қатар, әлем бойынша бой көтеріп келе жатқан жыныстық бағдардың әдеттегіден бөлек көрініс табуы, өз жынысына деген көңіл толмаушылық, биологиялық жынысын қабылдамау, жынысын трансформациялау, бір жынысты қарым-қатынас мәселесі де алаңдатарлықтай жағдайға келіп отыр. Депутат Алдан Смайлдың 2013 жылға мәлімдемесі бойынша елімізде 240 000 гомосексуалды бағыттағы адам және 24 гей-клуб бар [10]. Олай

болса, өскелең ұрпақ не болады деп күтпей, оларға жыныстың тәрбие беру өте өзекті мәселе қатарында.

Жыныстық тәрбие беру мәселесі кеңестік кезеңнен бері талқыланып келе жатқан және жасөспірімдерді отбасылық өмірге дайындауда мейлінше кең зерттелген тақырып. Психологиялық-педагогикалық бағыттағы зерттеулерді Л.С.Выготский, А.С.Макаренко, В.В. Каган және т. б. жасаған. Белгілі психолог П. Блонский көптеген фактілерді жан-жақты талдауға сүйене отырып, жас ұрпақта отбасылық, адамның моральдық идеалын қалыптастыруды дұрыс жыныстық тәрбиенің негізі деп санады.

Педагогикалық сөздікте жыныстық тәрбие – балаға тәрбиелік және ағартушылық әсердің кешені, ол оның қоғамда қабылданған жыныстық ролдер жүйесін және қоғамдық, жекелік өмірде жыныстардың өзара қатынасына баулуға бағытталған. Кең мағынада жыныстық әлеуметтену процесімен бағыттас болады. Тар мағынада жыныстық тәрбие баланы сексуалдық өмірге даярлық деп түсінеді, яғни оған сәйкесті ақпаратты беру арқылы [2, 33-34 б.]. Бұл анықтамадан жеткіншектерге жыныстық тәрбие беру оларды жынысына қарай әлеуметтік рөлін қоғамда қабылданатын шекарада орындауға бағыттау деп түсінуге болады. Дегенмен, қазіргі цифрлық әлемде жеткіншектер барынша қоғамнан өзгеше көрініп, ерекшелену арқылы өзіне көңіл аудартуға әуес. Бұған әлеуметтік желілердің әсері мен осы мақсатта ұсынатын мүмкіндіктері жетіп артады. Сол себепті, қоғамдағы қалыпты шекарамен тәрбиеге бейімделуі екі талай.

Л.С.Выготский мен А.С.Макаренко жыныстық тәрбие берудің негізгі міндеттерін былай көрсеткен: 1. Қарсы жыныс арасында мәдени қарым-қатынас құруға тәрбиелеу. 2. Жыныстық мәселеге қатысты сұрақтарға сыйластықпен қарауға, сезімдерін, қиялын, инстинкт пен қалауларын басқара алуға тәрбиелеу. 3. Әр түрлі жыныспен қарым-қатынаста өзін-өзі бақылау мен қажетті ұстанымдарға тәрбиелеу. 4. Серіктесі алдындағы жауапкершілікке, өзін-өзі сыйлауға тәрбиелеу. 5. Рухани, адамгершілік, эстетикалық және интеллектін жетілдіру.

В.В.Каганның зерттеулерінде жыныстық тәрбие мына бағыттарда жүргізіледі. 1. Жыныстық тәрбие оқушының психикалық жынысын (ер мінезділік пен нәзік жандылық) қалыптастыруға көмектесуі керек. Қарсы жыныстағы қатарластарымен қалыпты қарым-қатынас құру үйретіледі. 2. Жыныстық сананы қалыптастырып, отбасылық өмірге жауапкершілікпен қадам басуға жетелейді. 3. Саналы және жауапты ата-ана болуға дайындап, оң әрі шығармашыл ұстанымдарды бекітеді. 4. Әртүрлі психологиялық және химиялық тәуелділіктен, түрлі жұқпалы аурулардан ада салауатты өмірді насихаттайды. 5. Оқушының психо-сексуалды жетілуіндегі ауытқуларды шешуге көмектеседі. 6. Балаларды азғыру мен алдаудың алдын алады [11]. Яғни, жыныстық тәрбие дегеніміз жеткіншекке өзін, жынысын, жыныстық ерекшеліктері мен ұқсастықтарын тануға, сезімдері мен іс-әрекетіне талдау жасап, басқара алуға, рухани құндылықтарын қалыптастыруға, өміріне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Еуропадағы жыныстық білім беру стандарттарында кешенді жыныстық білім келесідей анықталады: «сексуалдылық пен есеюдің танымдық, эмоционалды, әлеуметтік, интерактивті және физикалық аспектілері туралы білімді игеру. Жыныстық білім беру ерте балалық шақта басталады және жасөспірім мен ересектік шақта жалғасады. Ол балалар мен жастардың жыныстық дамуын қолдауға және қорғауға бағытталған. Бұл балалар мен жастардың мүмкіндіктерін біртіндеп кеңейте отырып, оларды ақпаратпен қамтамасыз етеді, дағдыларын дамытады және жағымды құндылық көзқарастарын қалыптастырады. Осылайша олар өздерінің сексуалдылық қабілеттерін біліп, оған оң көзқарас қалыптастырады, қауіпсіз және толыққанды тұлғааралық қарым-қатынас орнатады және өзі мен өзгелердің жыныстық денсаулығы мен әл-ауқатына жауапкершілікпен қарауды үйренеді» [12]. Мұндағы басты міндет баланың жасына сай эмоционалды, әлеуметтік, интерактивті және физикалық аспектілерде өзі туралы ақпарат беру болып табылады. Бала өскен сайын берілетін ақпараттың мазмұны да өзгеріп отырады. Бұл жерде маңыздысы тәрбиелеу үдерісінің бала күннен басталып, ересек шаққа дейін жалғасын табуы. Яғни, жеткіншек жасқа келгенде ғана

барлық ақпаратты бірден беру білім алушының оны қате қабылдауына немесе қабылдай алмауына себеп болуы мүмкін. Бұрын айтылмаған тақырыптарда сөйлеу еркіндігі берілгенде балалар тым шектен шығып, дәрежелікке салынуы немесе ұялып, өте тұйықталып алуы мүмкін.

Жеткіншектерге жыныстық тәрбие беру мәселесі оларға алдымен, өсіп, жетілу мен қорғану құқықтары туралы ақпарат берілуден басталғаны жөн. Яғни, жеткіншектерді Қазақстан Республикасындағы балалардың құқықтары туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 заңымен, Біріккен Ұлттар Ұйымының бала құқығы туралы конвенциясымен таныстыру. Соның ішінде жыныстық зорлық-зомбылық, гендерлік зорлық-зомбылықтың не екенін және қорғану әдістеріне, құқықтары мен жауапкершіліктеріне қатысты кең білім игерту. Бұдан кейінгі басты мәселе, жеткіншектердің тәрбиесіне жауапты ересектердің өз жынысын қалай қабылдайтындығына және сексуалдылық туралы қандай көзқараста екендігін саралап, ой жүгіртуіне жағдай жасау. Ересектердің өз жынысына деген көзқарасы мен жынысы арқылы өзін-өзі жүзеге асыруы жеткіншектерге өнеге болып табылады. Ата-аналар мен мектеп ұжымына жеткіншектік және жыныстық жетілу туралы сауатты ақпараттар беріліп, жеткіншектерге қолдау болатын әлеуметтік көз-қарас қалыптастыру. Сонымен қатар, жеткіншектерге өзіне қатысты мәселелерде көз-қарас қалыптастырып, шешім қабылдау құқығына сыйластық көрсету мақсатында барлық қызметтерге араласуына көңіл қойылып, сақ болу. Яғни, өзіне қатысты мәселелерде керегінші жауапкершілік жүктелуі тиіс.

Жыныстық тәрбие құрылымы нақты, әдіс-тәсілдері белгіленген, тұрақты жоспарланған сабақ болуы мүмкін емес. Себебі, жыныстық саулық туралы көзқарастар қоғамдағы әлеуметтік-саяси жағдайға байланысты үнемі өзгеріс ішінде болады. Сондай-ақ, жеткіншектің отбасынан алатын тәрбиесі, өзіндік ерекшеліктері, мектеп мәдениеті және білім берушінің құзіреттілігі де тәрбие үдерісіне үлкен әсер береді. Жыныстық тәрбие беру жеткіншекті қорғау, дамуы мен есеюіне қолдау көрсету мақсатымен жасалады. Дегенмен, бұл қорқыта тыйым салу, үгіт насихат жасау емес. Жеткіншектік кезең қатарластармен ақпарат алмасу, бір-бірінен үйрену шағы болғандықтан. Жыныстық тәрбие беруші алдымен өзін жеткіншектермен қатар ұстап, сенімді қарым-қатынас орнатуға аса зор мән беруі керек. Қажет болған жағдайда жеке консультациялар жасауға дайын болуы өте маңызды. Жыныстық тәрбие сабақтары жыныстық рөлдерге, гендерлік таптаурындарға сыни көзқарас қалыптастыру арқылы, жеткіншектерді ойымен бөлісіп, сұрақтар сұрауға жетелеуі керек. Жеткіншектердің өз құқықтарымен қатар, шектерін танып, дене бітімі (физиологиясы) мен қызметін біліп, жыныстық ерекшеліктерін қабылдауға, соған қарай өзіндік құндылықтарын қалыптастыруға қолдау болатын үдеріс. Жыныстық тәрбие беруде ақпарат беруге қарағанда жеткіншектердің өздерінің пікір білдіру, сұрау арқылы сөйлесуге ашық болуы маңызды. Олар, айтқан сөздері арқылы өзінің қызығушылығымен, сезімдерімен, уайымдарымен бөліседі. Тәрбие берушінің жеткіншекті естуі, сұрақтары мен сөздеріне қызығуы және оның астарындағы суретті көре алуы тәрбие процесінің кілті болып табылады. Сол себепті, бұндай күрделі тақырыптарда ашылуға көмек көрсету үшін, оларды сынға алмай, жеке көзқарасын мойындауға мәжбүрлемей, бейтарап ұстанымда болу үшін арнайы дайындығы бар маманның болуы шарт.

Қазіргі қоғамда еліміздегі жеткіншектер жыныстық сауаттылығын құрбы-құрдастарымен ақпарат алмасу арқылы, интернет желісі, әлеуметтік желілер арқылы ашуда. Себебі, бұл тақырыпта арнайы жазылған кітаптар, оқулықтар жоқтың қасы. Сонымен қатар, отбасында ата-ананың жыныстық рөлдерін, әрі аналық, әкелік рөлдерін дұрыс атқармауы, жалғыз басты ананың немесе әкенің тәрбиесін алу, ата-анасынан алыста өсу, отбасындағы зорлық-зомбылық баланың өз жынысын адекватты қабылдай алмауына себеп болады. Сондай-ақ, ерте жастан жыныстық қарым-қатынасқа әуестенуге де итермелейді. Осы секілді себептер жыныстық тәрбиеге ерекше көңіл бөлудің және сауатты түрде жүргізудің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

## Әдебиеттер

1. Выготский Л.С. -Москва: Педагогика. -1982. -196.
2. Нұрмұхаметова Р.Ә., Молдағалиев Б.А., Фейзулдаева С.А., Урбисина А.Б., Педагогика. -Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2009.-112бет.  
[https://ru.wikipedia.org/wiki/Возрастная\\_периодизация.Периодизация\\_Эльконина](https://ru.wikipedia.org/wiki/Возрастная_периодизация.Периодизация_Эльконина)
- 3.[https://ru.wikipedia.org/wiki/Возрастная\\_периодизация.Теория\\_психосоциального\\_развития\\_Эрика\\_Эриксона](https://ru.wikipedia.org/wiki/Возрастная_периодизация.Теория_психосоциального_развития_Эрика_Эриксона)
- 4.[https://ru.wikipedia.org/wiki/Психосексуальное\\_развитие.Генитальная\\_фаза](https://ru.wikipedia.org/wiki/Психосексуальное_развитие.Генитальная_фаза)
5. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология. -Алматы «Мектеп». -2002.
6. Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психология. -Алматы. -1981.
7. <https://primeminister.kz/kz/addresses/01092021>
8. Қабатова Қ., Маринин С., Половое просвещение в системе школьного образования Республики Казахстан: учить нельзя, молчать?.-2018.
9. <https://alashainasy.kz/society/jasosprm-kyizdar-arasyinda-erte-juktlk-jasandyi-tusk-163149/>
10. [https://ru.wikipedia.org/wiki/Права\\_ЛГБТ\\_в\\_Казахстане.Дискриминация](https://ru.wikipedia.org/wiki/Права_ЛГБТ_в_Казахстане.Дискриминация)
11. Иванова О. Н. Педагогическое сопровождение полоролевого развития детей старшего дошкольного возраста //диссертация кандидата педагогических наук-Великий Новгород, -2006.
12. ВОЗ, Европейское региональное бюро и Федеральный центр просвещения в сфере здравоохранения (ФЦПСЗ). -2010.

## БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНА БАУЛУ

**Айтмаганбетова Ш.К.**, магистр аға оқытушы  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қаласы  
E-mail:shynar.aytmaganbetova@bk.ru., gita.gita78@inbox.ru  
**Саримова. Г.Ж.**, бастауыш пәнінің мұғалімі  
Ақтөбе қаласы №30 қазақ орта мектебі

**Аннотация.** В статье изложена важность творческой работы по организации и развитию научно-исследовательской работы школьников. Организация и развитие научно-исследовательских работ школьников являются одной из основных форм творческой работы с молодежью. Раннее приобщение учащихся к научно-исследовательской работе позволит развивать интеллектуальные и творческие способности детей.

**Ключевые слова:** исследовательская работа, обновленное образование, программа, поиск, учебный процесс

**Abstract.** The importance of creative work on the organization and development of research work of schoolchildren is outlined. The organization and development of research work of schoolchildren is one of the main forms of creative work with young people. Early introduction of students to research work will allow developing the intellectual and creative abilities of children.

**Key words:** research work, updated education, program, search, educational process.

Қазіргі уақытта елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени өзгерістерді ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету қажеттілігі күннен-күнге айқындала түсуде. Ғылыми таным – белгілі бір адамның шығармашылық күш-жігерінің нәтижесі. Бұл білім